

Б.Р. Карабалаева^{1*}, А.Т. Еспенова², О.В. Батурина³

^{1,2,3}Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

email: ¹balnur_karabalaeva@mail.ru, ²aespenova@mail.ru, ³olga.baturina@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-3061-8675, ²0000-0003-1152-0434, ³0000-0002-2320-8125

НЕОМИФОЛОГИЯЛЫҚ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯЛАР ЖӘНЕ GLOCAL-ПАРАДИГМА: ӘЛІБАЙ БАПАНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ МӘДЕНИ КОДТАРДЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Аңдатпа. Қазақстанның заманауи өнерінде жергілікті мәдени дәстүрлер мен жаһандық көркемдік үрдістердің өзара байланысын зерттеу ерекше өзекті болып отыр. Бұл мақалада неомифологиялық бейнелер мен glocal-парадигма контекстіндегі көркемдік трансформация мәселелері қарастырылады. Зерттеу нысаны ретінде қазақ суретшісі Әлібай Бапановтың шығармашылығы алынады. Оның шығармаларындағы дәстүрлі мәдени кодтар мен заманауи көрнекі тілдің байланысы талданады. Мақалада қазіргі қазақ бейнелеу өнеріндегі glocal (жаһандық + жергілікті) ұғымының рөлі мен маңызы талданады, посткеңестік кеңістіктегі мәдени бірегейлік пен көркемдік сананы жаңғырту процесі көрсетіледі. Жұмыстың мақсаты – Бапанов шығармаларындағы дәстүрлі мәдени кодтардың неомифологиялық бейнелер мен заманауи көркемдік әдістер арқылы өзгеруін талдау. Зерттеу мәдени мұраны сақтау және өзектендіру жолдарын анықтай отырып, Қазақстанның посткеңестік өнерін зерттеуге үлес қосады. Ал, мақаланың практикалық маңыздылығы – зерттеу нәтижелерін дәстүрлі және заманауи өнерді біріктіруге бағытталған ғылыми жобаларда, мақалаларда және дипломдық жұмыстарда қолдану мүмкіндігінде жатыр. Мақаланы жазу барысында көрнекі мәтіндерді семиотикалық талдау әдісі, интермәтіндік және мифопоэтикалық тәсілдер, сондай-ақ өнердегі glocal-үрдістерді салыстырмалы зерттеу әдісі қолданылды. Бапановтың («Миф», «Тағдыр», «Тайқазан», «Ойшыл») негізгі туындыларында гипербола мен бриколаж мифтендіру құралы ретінде пайдаланылып, дәстүрлі және жаһандық өнердің байланысынан туындаған жаңа көрнекі кодты қалыптастырды. Суретшінің шығармашылығында заманауи эстетикамен үйлескен дәстүрлі өнер өзектілікке ие болады. Оның шығармалары ұлттық және жаһандық өнер кеңістігі арасындағы диалогқа бастама болып, көрерменді терең ойға батырады және жаңа бағыттар мен мүмкіндіктерге жол ашады. Ғылыми мақала «glocal» терминінің талдау үлгісін ұсына отырып, өнердегі неомифология туралы түсінікті кеңейтеді. Ғылыми жұмыста келтірілген нәтижелер посткеңестік кеңістіктегі ұлттық және жаһандық өнердің мәдени үйлесімділігін одан әрі зерттеу үшін пайдаланылуы мүмкін. Сонымен бірге, оқу құралдарын жазуда, пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеуде, дәстүр мен қазіргі заманның диалогына арналған заманауи өнер көрмелерін дайындауда қолданыла алады.

Кілт сөздер: Әлібай Бапанов, неомифология, Glocal-парадигма, мәдени код, қазақ бейнелеу өнері, ұлттық бірегейлік, визуалды трансформация, посткеңестік кеңістік.

B.R. Karabalayeva^{1*}, A.T. Yespenova², O.B. Baturina³

^{1,2,3}*Temirbek Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts*

Republic of Kazakhstan, Almaty

email: ¹balmur_karabalaeva@mail.ru, ²aespenova@mail.ru ³olga.baturina@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-3061-8675, ²0000-0003-1152-0434, ³0000-0002-2320-8125

NEO-MYTHOLOGICAL REPRESENTATIONS AND THE GLOCAL PARADIGM: THE TRANSFORMATION OF CULTURAL CODES IN ALIBAI BAPANOV'S WORK

Abstract. In the contemporary art of Kazakhstan, the study of the interaction of local cultural traditions and global artistic trends is of particular relevance. This article examines the issues of neo-mythological representations and artistic transformation in the context of the glocal paradigm. The work of Kazakh artist Alibai Bapanov is taken as an object of research, the connection between traditional cultural codes and modern visual language in his works is analyzed. The article analyzes the role and meaning of the concept of glocal (global + local) in modern Kazakh fine art, demonstrates the process of revival of cultural identity and artistic consciousness in the post-Soviet space. The purpose of the work is to analyze the transformation of traditional cultural codes in Bapanov's works through the prism of neomythology and modern visual language. The research contributes to the study of post-Soviet art in Kazakhstan, revealing the mechanisms of preservation and actualization of cultural heritage. The practical significance lies in the possibility of applying the findings of the work in scientific projects, articles and theses aimed at integrating traditional and modern art. The research is based on methods of semiotic analysis of visual texts, intertextual and mythopoetic approaches, and comparative study of glocal trends in art. An analysis of Bapanov's key works («Myth», «Tagdyr», «Taykazan», «Oyshyl») revealed the use of hyperbole and bricolage as tools of mythologization, the formation of a new visual code at the junction of traditional and global art. The artist's work demonstrates how traditional narratives become relevant through dialogue with modern aesthetics. His works open the way to a dialogue between national art and the global art space, deeply immerse the viewer in reflection and open up new directions and opportunities. The scientific article expands the understanding of neomythology in art by offering a model for analyzing glocal transformations. The findings can be used to further study cultural hybridization in a postcolonial context. The results presented in the scientific work can be used in writing textbooks, developing educational and methodological complexes of disciplines, and preparing exhibitions of contemporary art that reveal the dialogue between tradition and modernity.

Keywords: Alibai Bapanov, neomythology, Glocal paradigm, cultural code, kazakh fine arts, national identity, visual transformation, post-Soviet space.

Б.Р. Карабалаева^{1*}, А.Т. Еспеннова², О.В. Батурина³

^{1,2,3}*Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова*

Республика Казахстан, г. Алматы

email: ¹balmur_karabalaeva@mail.ru, ²aespenova@mail.ru, ³olga.baturina@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-3061-8675, ²0000-0003-1152-0434, ³0000-0002-2320-8125

НЕОМИФОЛОГИЧЕСКИЕ РЕПРЕЗЕНТАЦИИ И GLOCAL-ПАРАДИГМА: ТРАНСФОРМАЦИЯ КУЛЬТУРНЫХ КОДОВ В ТВОРЧЕСТВЕ АЛИБАЯ БАПАНОВА

Аннотация. В современном искусстве Казахстана особую актуальность приобретает исследование взаимодействия локальных культурных традиций и глобальных художественных тенденций. В данной статье рассматриваются вопросы неомифологических репрезентаций и художественной

трансформации в контексте glocal-парадигмы. В качестве объекта исследования берется творчество казахского художника Алибая Бапанова, анализируется связь традиционных культурных кодов и современного визуального языка в его произведениях. В статье анализируется роль и значение понятия glocal (глобальная + локальная) в современном казахском изобразительном искусстве, демонстрируется процесс возрождения культурной самобытности и художественного сознания на постсоветском пространстве. Цель работы – проанализировать трансформацию традиционных культурных кодов в произведениях Бапанова через призму неомифологии и современного визуального языка. Исследование вносит вклад в изучение постсоветского искусства Казахстана, раскрывая механизмы сохранения и актуализации культурного наследия. Практическое значение заключается в возможности применения выводов работы в научных проектах, статьях и дипломных работах, направленных на интеграцию традиционного и современного искусства. В основе исследования лежат методы семиотического анализа визуальных текстов, интертекстуального и мифопоэтического подходов, сравнительного изучения glocal-тенденций в искусстве. Анализ ключевых работ Бапанова («Миф», «Тағдыр», «Тайқазан», «Ойшыл») выявил использование гиперболы и бриколажа как инструментов мифологизации, формирование нового визуального кода на стыке традиционного и глобального искусства. Творчество художника демонстрирует, как традиционные нарративы обретают актуальность через диалог с современной эстетикой. Его произведения открывают путь к диалогу между национальным искусством и глобальным художественным пространством, глубоко погружают зрителя в размышления и открывают новые направления и возможности. Научная статья расширяет понимание неомифологии в искусстве, предлагая модель анализа glocal-трансформаций. Выводы могут быть использованы для дальнейшего изучения культурной гибридизации в постколониальном контексте. Результаты приведенные в научной работе могут быть использованы в написании учебных пособий, разработке учебно-методических комплексов дисциплин, подготовке выставок современного искусства раскрывающих диалог традиции и современности.

Ключевые слова: Алибай Бапанов, неомифология, Glocal-парадигма, культурный код, казахское изобразительное искусство, национальная идентичность, визуальная трансформация, постсоветское пространство.

1. Кіріспе

Қазіргі қазақстандық бейнелеу өнерінің өзекті міндеттерінің бірі – ұлттық мәдениеттің дәстүрлі кодын қайта жаңғырту және жаһандық контексте өзектілігін сақтайтын жаңа көркемдік шешімдерді іздестіру. Бұл үдерісте Әлібай Бапановтың шығармашылығы ерекше орын алады, себебі оның туындылары ұлттық мәдени дәстүрлер мен жаһандық көркемдік үрдістерді үйлестіре білген бірегей авторлық қолтаңбаға ие.

Соңғы жылдары Қазақстан өнеріндегі ұлттық бірегейлікті зерттеуге деген қызығушылық айтарлықтай өссе де, Бапановтың туындылары әлі де жеткілікті зерттелмеген. Атап айтқанда, оның шығармашылығындағы мифопоэтикалық дәстүр мен жаһандық өнер үрдістерінің өзара әрекеттесуі терең талданбаған. Ғылыми әдебиеттер негізінен шебердің жеке туындыларына шолулармен шектелген, ал оның көркемдік әдіснамасының, мифологиялық тілінің және философиялық-мәдени негіздерінің кешенді зерттелуі ғалымдардың алдында әлі де шешімін күтіп отыр.

Осы зерттеудің өзектілігін үш негізгі фактор арқылы негіздеуге болады: біріншіден, бұл қазақ өнеріндегі неомифологизм құбылысын жан-жақты зерттеу қажеттілігімен байланысты теориялық маңыздылыққа ие; екіншіден, Бапановтың «глокализация» қағидаты бойынша жасалған туындылары ұлттық бейнелеу өнерінің дамуына жаңа бағыт беріп, құндылығын арттырды; үшіншіден, суретшінің мифологиялық бейнелер жүйесі мен олардың заманауи көрінісін кешенді түрде зерттеу ғылыми жаңалық ретінде танылады.

Соңғы жылдары ғалымдардың назары мифологияның ежелгі формаларынан оның заманауи көріністеріне ауысып отыр. Зерттеушілердің мақсаты енді мифтік ойлаудың «ерекшелігін негіздеу емес, оның өміршеңдігін көрсету» (Соколовский, 2018: 219-202). болып табылады. Дәл осы контексте Ә.Бапановтың неомифологиялық ізденістерін зерттеу ерекше маңыздылыққа ие.

Зерттеудің нысаны ретінде қазіргі қазақ бейнелеу өнері контекстіндегі Әлібай Бапановтың шығармашылығы, ал зерттеу пәні ретінде оның көркемдік әдістері (гипербола, бриколаж, деконструкция) және олардың неомифологиялық бейнелер жүйесін қалыптастырудағы рөлі қарастырылады. Мақаланың мақсаты – Бапановтың шығармалары арқылы ұлттық мәдени кодтың неомифологиялық бейнелер мен заманауи көркемдік әдістер тұрғысынан қалай өзгеріп, жаңаша түсіндірілетінін анықтау. Осы мақсатқа жету үшін Бапановтың еңбектеріндегі неомифологиялық тәсілдің ерекшеліктерін анықтау; гипербола мен бриколажды оның көркемдік тәжірибесінің негізгі әдістері ретінде талдау; «глокализацияланған» көркемдік тілді құруда дәстүрлі материалдардың (киіз, тоқыма) рөлін ашу; негізгі туындылар мысалында («Миф», «Тағдыр», «Тайқазан») оның шығармаларының философиялық-символдық тереңдігін ашып көрсету міндеттері қойылды.

Бапановтың шығармашылығын зерделеу үшін, оның еңбектеріндегі белгі-рәміздер мен архетиптердің мәнін ашуға бағытталған семиотикалық талдау жасалында. Ал, суретшінің дәстүрлі және заманауи элементтерді үйлестірету тәсілдерін ұғыну мақсатында салыстырмалы тарихи әдіс қолданылды. Сонымен бірге, бейнелердің ұлттық мәдениетпен байланысын анықтау мақсатында визуалды антропология әдістері де пайдаланылды.

Бапановтың шығармашылығы «глокализация» қағидаттарына негізделген. Бұл дегеніміз, суретші қазақтың ежелгі мифтер мен аңыздарын («мифологемаларды») алып, оларды заманауи бейнелеу тәсілдері арқылы өңдеп, қайта құрастырады. Нәтижесінде оның шығармалары ұлттық да, жаһандық да сипатқа ие болатын, қазақстандық және әлемдік өнер үшін де маңызды болатын мүлдем жаңа бейнелер жүйесіне айналады.

Ғылыми жұмыс Қазақстанның заманауи бейнелеу өнерін зерттеуге арналған жаңа әдіснаманы ұсынады. Алынған нәтижелер ұлттық мәдени кодты қалай қайта жаңғыртуға болатынын түсінуге мүмкіндік береді және «глокализация» сияқты қазіргі заманғы өнертанудың негізгі категорияларын толықтырады. Бұл жұмыс болашақта Әлібай Бапанов шығармашылығын жан-жақты зерттеу үшін де негіз бола алады.

Мақалада Бапановтың негізгі шығармашылық әдіснамасын ашатын туындылары терең талданады, сонымен қатар оның қазақ өнеріндегі неомифологиялық бағыттың дамуына қосқан үлесі теориялық деңгейде қарастырылады.

2. Материалдар мен әдістер

2.1. Зерттеу материалдарына сипаттама

Зерттеудің эмпирикалық деректері Әлібай Бапановтың 2010-2020 жылдар аралығында жасаған жұмыстарынан алынды. Суретшінің глокализация мен неомифтік ізденістерін талдау үшін төрт негізгі шығарма таңдалды: «Ойшыл» (2013),

«Тағдыр» (2014), «Тайқазан» (2017) және «Миф» (2020). Бұлардың әрқайсысы суретшінің шығармашылығында өз орнын алады. «Ойшыл» мифологиялық бейнені философиялық тұрғыдан ұсынады. «Тағдыр» тарихи-мәдени кодтарды заманауи бейнелеу тілімен біріктіреді. «Тайқазан» дәстүрлі нысанға жаңа мағына береді. Ал «Миф» автордың жаңамиф құру жолындағы ізденістерінің толық нәтижесі болып табылады. Мақаладағы материалдар суретшінің жеке көрмелерінің фотосуреттері, каталогтары мен баспа басылымдары негізінде құралды. Талдау кезінде шығармалардың композициялық құрылымы, түстер мен материалдардың таңдауы (мысалы, кілемге майлы бояумен жұмыс сияқты ерекше әдістер) және де мифологиялық бейнелердің қазіргі заманға бейімделген түсіндірмесі басты назарға алынды.

2.2. Зерттеу әдістері

Зерттеу үш кезеңде жүргізілді: бірінші кезеңде Бапановтың шығармаларын фотосуреттер, каталогтар және көрме материалдары арқылы жинақтау және жүйелеу; екінші кезеңде таңдалған туындылар дәстүрлі қазақ мифологиясы мен көркемөнерінің контекстіне, сондай-ақ жаһандық неомифологиялық ағымдарға салыстырмалы талдау жасалу арқылы ендізілді; үшінші кезеңде алынған нәтижелер жүйеленіп, олардың теориялық маңыздылығы бағаланды. Жұмыста бірнеше әдіснамалық тәсілдердің кешені қолданылды. Семиотикалық талдау арқылы шығармалардың көркемдік тіліндегі негізгі рәміздер мен архетиптер (мысалы, бас киім, ешкі, тайқазан) анықталып, олардың мәдени және мифологиялық мағынасы ашылды. Салыстырмалы-тарихи әдіс Бапановтың шығармаларын дәстүрлі қазақ өнерімен және жаһандық заманауи өнер ағымдарымен (гипербола, бриколаж, деконструкция сияқты әдістерді қолдану арқылы) салыстыруға, олардың өзара әсері мен ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Көрнекі-антропологиялық тәсілдер бейнелердің мәдени кодтармен байланысын анықтауға, атап айтқанда киіз және кілем сияқты дәстүрлі материалдардың қолданылуының рәміздік-семантикалық рөлін зерттеуге қолданылды. Зерттеу барысында екі негізгі мәселелік сұраққа жауап алу көзделді:

1) Бапановтың шығармаларында ұлттық мәдени кодтар қалайша жаңа мифологиялық бейнелерге айналып, заманауи өнер контекстінде өзектілігін сақтайды?

2) Суретшінің глокализация қағидаты (жаһандық және жергілікті элементтерді үйлестіру) оның көркемдік әдіснамасында қалай көрініс табады және неомифологиялық бейнелер жүйесін құруға қалай әсер етеді?

3. Әдебиетке шолу

Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен ғылыми жаңалығын анықтау мақсатында жүргізілген әдебиетке шолу қазіргі қазақстандық өнертану ғылымының Әлібай Бапанов шығармашылығы мен неомифологизм мәселелеріне арналған негізгі жұмыстарын қамтиды. Бұл шолу отандық зерттеулердің негізгі бағыттарын, сондай-ақ зерттеудің теориялық негіздемесіне қызмет ететін жаһандық контексті қарастырады.

Қазақстандық өнертану ғылымында Бапанов шығармашылығына арналған зерттеулер негізінен екі бағытты қамтыған: біріншісі – суретшінің жеке туындыларына

шолу жасау мен стилистикалық сипаттама беру, екіншісі – оның техникалық әдіснамасына талдау жасауға арналған. Мысалы, Муканов М.Ф. мен Досжанов Б.Т. өздерінің зерттеулерінде Бапановтың гобелендеріндегі бейнелер символизміне назар аудара отырып, олардың тарихи және мәдени контексттегі маңызын ашады (2020).

Шарипова Д.С. және т.б. авторлардың «Қазақстанның қазіргі өнеріндегі мәдени жад аспектісіндегі интертекстуалдылық» (2021) деген еңбегі зерттеу үшін аса маңызды, өйткені онда қазіргі қазақстандық өнердегі дәстүр мен заманауилықтың үйлесімі, интертекстуалды диалог арқылы жаңа бірегей өнер формаларының қалыптасуы және ұлттық сәндік-қолданбалы өнердегі авторлық мифтер мен бриколаж әдісінің рөлі сипатталады. Авторлар Бапановтың киіз сияқты дәстүрлі материалдарды заманауи контексте қолдану тәжірибесіне тоқтала отырып, оларды пайдалану арқылы ұлттық мәдениеттің тұтастығын сақтап, оны дамытудың маңыздылығын дәлелдейді.

Жаһандық контексте Ли Камилланың (2012) Алибай Бапановтың гобелен мен киіз арқылы ұлттық мифологиялық бейнелерді заманауи түрде түсіндіретін шығармашылық әдісі мен ұлттық концепттерді бейнелеудегі дәстүрлі материалдардың рөлі туралы тұжырымы, сондай-ақ Павлова Ольга Борисовнаның (2021) халықаралық мәдени ландшафтта заманауи өнердегі глокализация феноменін талдауға арналған жұмысы зерттеудің теориялық негізін қалады. Соңғысы, атап айтқанда, «дәстүрлі және әмбебап техникалар мен материалдарды үйлестірудің» әлемдік өнер кеңістігіндегі маңызын атап өтеді. Бұл Бапановтың шығармашылық қағидаттарына тікелей сәйкес келеді.

Бас киім өндірісінде қолданылған көне материалдарды зерделеуге арналған Д.С. Бектиярованың мақаласы бас киім киюдің тарихи маңызын, оларды безендірудің техникалық әдістерін талдау арқылы, Бапановтың «Миф» туындысындағы гипербола әдісімен көрсетілген образдың мәдени контекстін түсінуге мүмкіндік береді.

Ескожина Лаура мен Жукенова Жазираның (2025) киіз өнерінің қазақстандық заманауи өнеріндегі трансформациясына арналған жұмысы – киіздің утилитарлық материалдан мәдени код пен заманауи өрнек құралына дейінгі эволюциясы баяндалады. Аталмыш зерттеулер Ә.Бапановтың шығармашылығының жекелеген аспектілерін жақсы қамтығанымен, зерттеуді әлі де қажет ететін тұстарды ашық қалдырады. Оның ішінде шебердің шығармашылық әдіснамасын гипербола, бриколаж және деконструкция сияқты заманауи көркемдік әдістер тұрғысынан жүйелі түрде зерттеу, неомифологиялық бейнелер жүйесін құрудағы «глокализация» қағидатының (жергілікті мифологемаларды жаһандық өнер тілімен үйлестіру) рөлін жан-жақты ашу. Бапановтың туындыларындағы дәстүрлі материалдарды пайдалану жолы кеңінен қарастырылғанымен, олардың семиотикалық және философиялық мағынасы тереңірек зерттелмеген. Осыған орай, бұл мақала жоғарыда аталған мәселелерді көтеріп, Бапанов шығармашылығын зерттеуде дәстүр мен заманауилықтың өзара әрекеттесуін түсінуге, сондай-ақ қазақ өнерінің жаһандық мәдени кеңістіктегі даму жолдарын анықтауға үлес қосады.

4. Зерттеу нәтижесі

Әлібай Бапанов қазақ кескіндемесінде өзіндік қолтанбасымен ерекшеленген көрнекті шеберлердің бірегейі. Оның шығармашылығы ұлттық мәдени код

пен жаһандық көркемдік үрдістерді біріктірумен ерекшеленеді. «Гобеленде ол мыңжылдықтардың өзгеруін, олардың адамзат тарихының кеңістігіндегі жақындасуы мен алшақтығын бейнелей алады» (Мухамеджанова, 2019: 157).

Суретші мифологиялық сана мен неомифологиялық бағыттарды жаңаша интерпретациялау арқылы кескіндемеге өзгеше реңк береді. «Мифологиялық бейнелер рухани бағдар ретінде қызмет етеді, бірақ шығармашылықта эстетикалық әмбебаптар ретінде көрініс табады» (Ли, 2012: 37). Дәл осы қағидатты ұстана отырып, суретші өз туындыларында дәстүрлі бейнелерді жаңа семантикалық мағынада түрлендіреді.

Қазіргі қазақ бейнелеу өнерінде ұлттық кодты қайта жаңғырту және жаңа көркемдік формаларды іздеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл контексте Әлібай Бапановтың шығармашылығы ерекше қызығушылық тудырады. Суретші кескіндемешінің туындылары неомиф жасауға негізделген, яғни дәстүрлі мифтер мен фольклорлық образдарды қайта өңдеп, оларды заманауи мәдени-әлеуметтік құбылыстармен байланыстырады. Бұл қайта өңдеу процесі тек сюжеттік емес, сонымен бірге техникалық деңгейде де жүзеге асырылады, мысалы, «киізден ауқымды “кенептер” жасау үшін ол киізден қалған кесінділерді де, батыстық абстракционизмнің пішіндерін де өз еркінше қолданады» (Шарипова, 2021: 187).

Әлібай Бапанов туындыларында гипербола тәсілін қолданып, неомифологемаларға ерекше сипат береді. Сонымен қатар, оның шығармашылығына бриколлаж сипаты да тән. Бұл тәсілді оның картиналарының материалдық негізін зерделеу арқылы байқауға болады. Суретші майлы бояу түстерін пайдаланып, дәстүр мен заманауилықты үйлестіретін бейнелер жасайды. Осы бейнелердің үлкейтілген пішіндік шешімдері арқылы гиперболизацияға қол жеткізеді.



1-сурет. Ә. Бапанов. Миф. 2020 ж.

Суретшінің «Миф» (2020) туындысы аталған тәсілде айрықша орындалған. Әлібай Бапанов ұсынылған туынды арқылы бас киімнің қасиетін, қазақ халқы арасындағы айрықша нанымды жеткізгісі келген. «Бас киімді жерге тастама», «бас киімді бөтен адамға берме», «аяқпен баспа» деген сияқты ырымдардың ар жағында қасиетті бір дүние, наным арқылы сакральдылыққа ие ету. «Көшпенділер жанның бір бөлігі шашта өмір сүреді деп сенген, сондықтан бастарын бас киіммен жапқан» (Бектиярова, 2019:

79). Сакральдылықты гипербола тәсілі арқылы жеткізу суретшінің туындысында ерекше көрініс тапқан. Бас киімі бар адам бейнесі ақ ұлпа бұлтты аспан аясында өзіндік түстік қанықтылығымен көзге шалынады. Ал бұл түстік қанықтылықтың өзі гиперболаның тағы бір көрінісі болып табылады. Бас киім арқылы аспанмен байланыс орнату, кеңістікті игеру негіздері сайып келгенде неомифологиялық сипатқа жатқызылады. «Кішкентай коллажда суретші аспанды акрилмен сүйікті ашық ақ-көк түспен үйлестіріп көрсетеді және оның тұсында тымақ киген тұлғаның бейнесін орналастырады. Ұзын өрнектелген тымақтың құлақтары аспан мен жерді ажыратып, сол көктегі құт-берекені жасырғандай сезіледі» (Шкляева, 2022: 25).

Суретші туындыларындағы композиция құру әдісі гипербола негіздерін айқын көрсеткіші болып табылады. Гипербола басқа тәсілдерге қарағанда сезімдік мағына мен сезімдік реңк арасындағы айырмашылықты айқынырақ көрсетеді. Сонымен қатар, метамодерн кеңістігіндегі неомифологемаларды айқындауда біз «glocal» парадигмаларын алға ұсына аламыз. «Глокал» ұғымы – бұл «глобал» (жаһандық) және «локал» (жергілікті) сөздерінің бірігуінен шыққан термин. Ол белгілі бір құбылыстың немесе үрдістің жаһандық және жергілікті аспектілерін бір уақытта қамтитын тәсілді білдіреді. «Глокал» ұғымы жаһандық идеялар мен құндылықтардың жергілікті мәдениетпен үйлесімді бейімделуін сипаттайды. Бұл қағидат қазіргі заманғы өзекті өнердің негізгі ерекшелігі болып табылады, ол «дәстүрлі және әмбебап техникалар мен материалдарды, тұжырымдамалар мен идеяларды араластырып қана қоймай, сонымен қатар аймақтың даралығы мен мәдени дәстүрін ерекше көрсетуге мүмкіндік береді» (Павлова, 2021: 471-742).

Қазақстан кескіндеме өнерінде заманауи суретшілер ұлттық бейнелер мен нақыштарды әлемдік өнер стильдерімен үйлестіре отырып, қазақ мәдениетінің бейнелеу тілін жаһандық контексте насихаттауға ұмтылады. Аталған «glocal» парадигмасын Ә. Бапановтың шығармашылығынан айқын көруге болады. Суретші жаһандану мен жергілікті мәдениеттің негіздерін өз туындыларында материалдық ерекшеліктер арқылы бейнелейді. Мысалы, ол тұскілем сияқты ұлттық мәдениетке тән элементті пайдаланып, оның бетіне майлы бояу арқылы сурет салу әдісін қолдану арқылы екінші, яғни батыстық мәдениет кодын енгізеді. Осы тәсіл арқылы ол шығармаларында ұлттық мәдениетке өзге формаларды қосып, коллаборациялық негізде жаһандану процесін бейнелейді.

Бейнелеу өнеріндегі «glocal» ұғымы қазақ суретшілерінің шығармашылық ізденістерінде маңызды орын алуда. Неомифтік бейнелерді жасауда киберкеңістікті пайдалану, архетиптерді заманауи контексте ұғыну, антикалық мифтер мен қазақ мифологиясының бейнелерін өзара байланыстыру қазіргі заманғы суретшілердің көпшілігінде жиі кездесетін сюжеттік бағыттар болып табылады. Ә. Бапановтың шығармасы осы үрдістің тамаша үлгісі ретінде ұлттық элементтерді жаһандық тәсілдермен (неомифология, заманауи бейнелеу әдістемелері) біріктіре отырып, қазақ мәдениетінің жаһандық өнер контекстінде даму процесін іске асырады. Тұскілем бетіне майлы бояумен орындалған сурет – бұл заманауи өнердің тілі мен ұлттық дәстүрдің табиғи қиылысуы нәтижесінде туған мәдениеттің өзіндік жаңғыру феномены.



2-сурет. Ә. Бапанов.

«Әлібай Бапанов бейнелеу формаларын пластикалық стильдеу және оларды бірыңғай стильдік шешімге бағындыру өнерін жетік меңгерген. Суретшінің бұл қасиеті, сондай-ақ бейнелеу элементтерінде болашақ шығарманың көркемдік бейнесін шебер таба білуі, тақырыптар мен сюжеттерді таңдаудағы жоғары мәдениеті – қазіргі қазақ гобелен өнеріндегі минимализм эстетикасының мәдени құбылысының дамуына негіз болды» (Муканов, 2020: 239-240). Дәл осы шеберліктің нәтижесі ретінде, Ә.Бапановтың жаңа туындысы сыртқы қарапайымдылығы және абстракциялық стиліне қарамастан, терең семиотикалық қабаттарға ие. Туындыда қара түсті, төрт аяқты жануардың (ешкінің) абстракцияланған бейнесі сомдалған. Семиотикалық талдау жасағанда, туындыда қолданылған түстер, пішіндер және сызықтар арқылы бірнеше маңызды символдық мағыналар ашылады.

Қара түс бұл көбінесе тереңдік, құпиялылық және мұнды сезімдерді білдіретін түс. Сонымен бірге, қазақ мәдениетінде қара түстің жиі қолданылуы терең ой мен қиялдың белгісі ретінде көрінеді. Қара түс бұл көп жағдайда өмірдің қарама-қайшылығын, дүние мен өмірдегі әрекеттесуші күштердің қарама-қайшылығын бейнелеу үшін қолданылуы мүмкін.

Ешкі қазақтың дәстүрлі тұрмысында өте маңызды жануар. Ол құт-береке, тазалық, молшылық символы. Сонымен қатар, ешкі қазақ халқының көшпелі өмірінің бір бөлшегі. Ешкі бейнесі мұнда ұлттың тұрмыстық өмірін және мәдениетін символикалық түрде бейнелейді. Ешкінің қысқа және қарапайым бейнеленген аяғы оның тұрақтылығын білдіріп, қазақ мәдениетіндегі малдың айрықша орнын көрсетеді. Суреттегі көк түсті арқан ешкінің арқандаулы шығуы оның қозғалысын немесе табиғи орнын білдіруі мүмкін. Сонымен қатар, ешкі жануарының Сексек атамен байланысы, оның көбейгіштігі, жүйріктігі молшылықтың қазақ жеріне арқандаулы нұсқасын ұсынған. Туындыда қарапайым пішіндер қолданылған, бұл минимализмнің бір көрінісі. Формалардың абстракциялануы, оның нақты объектінің бейнесінен тыс, глобалды әрі символикалық мағыналарға жетелейді. Бұл әдіс өнер туындысына жеке таңба ретінде қарауға мүмкіндік береді, яғни ешкі тек бір жануардың бейнесі ғана емес, тұтас бір мәдениеттің, тұрмыс пен табиғаттың символы бола алады.



3-сурет. Ә. Бапанов. Тағдыр (2014)

Ә.Бапановтың «Тағдыр» (2014) атты туындысы арқылы адам болмысының мифтік негіздері мен заманауи неомифтің үйлесімділігін талдауға болады. Бұл туынды аралас техникада орындалған болатын, онда дәстүрлі кескіндеме мен текстиль өнері элементтері органикалық түрде үйлесім тапқан. Шығарманың мазмұны мен көркемдік тәсілдері адам өміріндегі таңдау, заңдылық пен кездейсоқтық қатынасы сияқты күрделі философиялық мәселелерді тереңірек зерттеуге бағытталған.

«Тағдыр» тақырыбы бұл шығармада адамның ішкі психологиялық қақтығыстарын, сыртқы әлемнің әсер ету механизмдерін және өмір жолының көпқырлығын бейнелеу арқылы ашылады. Тағдыр ұғымы кең мағынада қарастырылып, ол адамның саналы шешімдері мен объективті жағдайлардың өзара әрекеттесуі ретінде түсіндіріледі. Туындыда адам өмірінің әртүрлі кезеңдері мен олардың өзара байланысы, сондай-ақ оқиғалар тізбегінің детерминизмі көрініс тапқан.

Кескіндеме арқылы суретші туындының визуалдық бөлігін құрады. Мұнда, бәлкім, адамның рухани әлемі мен ішкі әлемінің бейнелері көрініс табады. Түстер мен композициялардың қолданылуы адам психологиясындағы терең сезімдерді, эмоцияларды және қайғыны жеткізеді. Қара және сұр түстер бұл туындының ауыртпалығын көрсететін түстер болуы мүмкін, олар адамның ішкі дүниесіндегі қайғы мен мұңды білдіреді. «Қара - бейнелеу өнеріндегі ең авторитарлық және басым түс. Ол өлім мен қараңғылық, белгісіздік сезімін тудырады» (Козлова, 2019: 139). Ал туындыдағы материалдық негізде өздік қасиеттерімен бірге, адамның тағдырының нәзік, бірақ күрделі табиғатын көрсетуге бағытталып тұрғандығын атап өтуіміз керек. Текстильдің жұмсақ немесе қатты құрылымы, оның иілгіштігі мен қаттылығы адам өміріндегі теңгерім мен тұрақтылықты немесе керісінше, алаңдаушылық пен өзгерістерді білдіруі мүмкін. Сонымен қатар, текстильдің матасы бейнеленген элементтер (мысалы, жіптер немесе түйіндер) адамның өміріндегі оқиғалар мен олардың арасындағы байланыстарды немесе қиылыстарды білдіруі мүмкін. Ә.Бапановтың шығармасында адамның ішкі әлемі мен оның тағдыры көбінесе символдық бейнелер арқылы көрсетіледі.

Әлібай Бапановтың «Тағдыр» туындысы көпқабатты және терең философиялық туынды. Кескіндеме мен текстильдің үйлесімі арқылы суретші адам тағдырының

күрделі тұстарын, оның ішкі әлемінің шектеулерін, қайғыларын, таңдау мен өзгерістерін көрсетуге ұмтылады. Бұл шығарманың мәні көп қырлы, өйткені ол тек көркем тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар адам болмысының терең философиялық аспектілерін талдауға мүмкіндік береді.



4-сурет. Ә. Бапанов. Тайқазан (2017)

«А.Бапановтың 2010-2020-шы жылдардағы гобелендерінде екі қарама-қарсы түстердің реңктік үйлесімін және бүкіл гобеленнің жазықтығында ірі бейнелерді орналастырып», көрерменге күшті эмоционалды әсер етуге қол жеткізеді (Шкляева, 2016:29). Сондықтан да, Әлібай Бапановтың «Тайқазан» (2017) туындысында қолданылған элементтер мен түстер көп мағыналы символдар мен мифтерді бейнелеп қана қоймай, соның арқылы терең мәдени және философиялық ойды білдіреді. Туындыда екі негізгі бейне бар: жоғарғы жақта орналасқан қара түсті Тайқазан және көк түсті кеңінен жайылған бұқа пішіні. Бұл элементтер өзара тығыз байланысты болып, әрқайсысы өзіндік мағыналық жән символдық мәнге ие.


Бұқа бейнесі табиғи күш пен жаратылыс негізін білдірсе, Тайқазан сол күшті бағындырып, адамға пайда әкелетін құрал ретінде көрінеді. Екі образды біріктіру арқылы көшпелі мәдениеттің материалдық және рухани жақтарының үйлесімділігі бейнеленген. Дәстүрлі түсінікте бұқа ерлік пен қуатты, ал Тайқазан молшылық пен бейбіттіктің рәмізі саналады. Осы арқылы қазақтың мәдени кодындағы тіршілік пен тұрақтылық, күш пен руханилық қатар жүретіндігі айқындалады.

Түстердің таңдауы да терең символдық мәнге ие. Қара түс жарықтың жоқтығын, жасырын күштер мен қарама-қайшылықтарды бейнелейді. Қазақ мифологиясында ол жарық пен қараңғылықтың күресін, күштердің күрделі өзара әрекетін білдіреді. Жоғарғы жақта орналасуы арқылы бұл пішін адам өміріндегі күрделі қарама-қайшылықтарды немесе эмоцияларды бейнелеуі мүмкін. Көк түс дәстүрлі түрде аспан, су, өмір көзі және құдайлықпен байланыстырылады. Сонымен қатар, ол табиғатпен үндестік пен рухани біртұтастықтың символы болып табылады. Бапановтың туындысында бұл пішіннің төменде орналасуы табиғаттың төменгі әлемі мен адамның күнделікті тұрмысын білдіреді. Алдыңғы пландағы алтын немесе сары түс күннің, жарықтың, сондай-ақ құт-береке рәмізі ретінде пайдаланылған. Бұл түс мифологиялық дүниетанымда әлемнің жаңғыруы мен рухани тазалық идеясын білдіреді, сонымен қатар жоғарғы және төменгі дүниелер арасындағы байланысты көрсетеді.

«Өз жұмыстарында тау әлемі, өмір ағашы және жер-ана сияқты бейнелерде жасырынған көшпелі түркі халықтарының кең мифологиялық мұрасына сүйене

отырып, заманауи шеберлер ұлттың санасының жаңғыруын ғана емес, сонымен қатар ұлттық идеяның және оның архетиптік бейнесінің жаңаша көріністерін іздестіруде» (Муканов, 2018: 67). Мифтік мұраны заманауи тілге аударудың нақты әдісі ретінде Бапанов өз туындыларының құрамында арнайы символдарды кеңінен қолданады: Қара және көк түстердің бірігуі жарық пен қараңғылықтың күресі, күн мен түннің үздіксіз ауысуының бейнесі. Қазақ мифологиясында бұл элементтер адамның өмірінің тұрақты өзгерістерін, табиғаттағы циклдік қозғалыстарды білдіреді. Қара мен көк түстерінің қақтығысы әлемнің пайда болуы мен дамуының негізі ретінде түсініледі. Қараның үстінде орналасқан көк пішін, бұл композициялық шешім мифологиялық тұрғыдан космологиялық әлем. Қазақ мифологиясында жоғары әлемді бейнелейтін символдар көбінесе аспан мен жер арасындағы шекараны белгілейді. Көк пішіннің төменде жатуы оның өмірлік күшін, табиғат пен жерді бейнелеуі мүмкін. Ал жоғарыдағы қара пішін оны бақылап тұрған күштердің белгісі ретінде көрінеді.

Әлібай Бапановтың бұл шығармасы космологиялық мифтер мен жарық пен қараңғылықтың мәңгілік күресінің көркем бейнесі болып табылады. Қара және көк түстердің үйлесімі қазақ мифологиясында кең таралған жоғарғы және төменгі дүниелердің символдық көрінісі ретінде қызмет етеді. Автордың абстракциялық тілі мен композициялық шешімдері туындыны терең философиялық және мифологиялық мазмұнға ие етіп, оны заманауи қазақ бейнелеу өнерінің маңызды үлгісіне айналдырады.



5-сурет. Ә. Бапанов. «Ойшыл» (2013)

Әлібай Бапановтың «Ойшыл» (2013) шығармасын талдау оның заманауи абстракциялық стилін, түс символизмін және мифтік-мәдени контекстің терең деңгейін ашуға мүмкіндік береді. Композицияның негізін құрайтын екі қисық сызықты пішін адам профилінің немесе екі тұлғаның абстракцияланған бейнесі ретінде түсіндіріле алады. Бұл бейнелердің қарапайымдылығы мен формалардың дербестігі олардың нақты сипаттамасын анықтамай-ақ, арақатынастың мәні мен құрылымдық байланысты білдіреді.

Түс шешімі шығарманың ішкі динамикасын анықтауда маңызды рөл атқарады. Сұр-қызыл бейтарап фон көк түспен үйлесімді тіркесіп, контрасттық әсер туғызады. Көк түс дәстүрлі түрде білім, тереңдік, руханилық және бейбітшілік символы ретінде қабылданады. Бұл жағдайда ол қоғамдық сананың негізгі құндылықтарын немесе рухани ізденісті бейнелеу үшін қолданылған сияқты. Керісінше, қызыл түс энергия, күштарлық, күш пен ішкі қуаттың көрінісі ретінде пайдаланылып, тұлғаның эмоционалды әлемін немесе әлеуметтік қатынастар жүйесін білдіреді.

Екі пішіннің қарама-қарсы орналасуы олардың өзара әрекеттесу үрдісін көрсетеді. Бұл қатынас қарама-қайшылық немесе толықтыру ретінде түсіндірілуі мүмкін, яғни тұлғааралық кеңістіктегі жақындық пен алшақтық идеясын ұсынады. Пішіндердің динамикалық теңгерімде орналасуы жан дүниесінің күрделілігін және екі жақты диалогты бейнелейді.

Композициялық құрылым адам мен қоғам арасындағы рухани байланыстың абстракцияланған моделі ретінде қарастырылады. Бейнелердің анық емес сипаты олардың жеке ерекшеліктерін емес, жалпы адамдық қатынастардың мәнін білдіруге бағытталған. Туындының екі түске бөлінген композициясы, әсіресе қызыл және көк түстердің ерекшелігі, дүниедегі екі басты күштің - жарық пен қараңғылықтың немесе жақсылық пен жамандықтың бейнесі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Ә.Бапановтың өнерінде адамның тұлғасын немесе адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты анық көрсету үшін абстракция кеңінен пайдаланылады. Оның туындыларының көпшілігінде тұлға бейнелері қалыпты адам суреттерінен аулақ, абстракцияланған және символикалық түрде беріледі. Бұл тәсіл адамның ішкі әлемінің күрделілігін, оның табиғатпен, қоғаммен, және басқа адамдармен қарым-қатынасын білдіреді. Сондай-ақ, адам мен табиғаттың өзара үйлесімділігі мен қарама-қайшылығы да әр туындының негізінде жатыр. Әрбір бейнелеу элементі бір жағынан, жеке тұлғаның рухани ізденісі мен адами күйін көрсетсе, екінші жағынан, табиғатпен немесе космоспен терең байланыс жасайды.

Әлібай Бапановтың шығармашылығындағы бейнелер мен түстердің өзара үйлесімі әлемнің үздіксіз қозғалысы мен трансформациясын бейнелейді. Түстер мен формалардың қақтығысы және гармониясы, атап айтқанда қара және көк түстердің өзара әрекеттесуі, адамның табиғат пен әлеуметтік ортамен қарым-қатынасындағы нәзік тепе-теңдік идеясын танытады. Суретші туындыларында космологиялық кезеңдерді, жарық пен қараңғылықтың үздіксіз алмасуын, құпиялардың ашылу процесін және адамның рухани даму жолын бейнелейді.

Бапановтың шығармашылығы терең символдық мазмұнымен, космологиялық-мифологиялық контекстімен және өзіндік көркемдік тілімен ерекшеленеді. Оның абстракциялық формалары мен түс палитрасы, қазақтың дәстүрлі мәдениетін заманауи өнермен синтездеп, жаңа мифтік нарративтер мен мәдени кодтар қалыптастырады. Әрбір туынды жай ғана визуальды композиция емес, сонымен қатар әлемдік рухани байланыстарды, адамның табиғат пен қоғаммен өзара әрекеттесуін терең қабылдауға бағытталған философиялық-эстетикалық тұжырымдама болып табылады.

Бапановтың неомифологиялық шығармашылық әдісінде глокализм қағидаты, яғни жергілікті мәдени кодтар мен жаһандық көркемдік тілдің синтезі маңызды орын

алады. Бұл ерекшелік оның материалдарды қолдану әдіснамасында айқын көрінеді. Суретші дәстүрлі қазақ кілемдерін кенеп ретінде пайдаланып, оларды майлы бояулармен өңдеу арқылы жаңа бейнелеу тілін құрады. Бұл әдіс ұлттық көркемдік дәстүрлерді заманауи өнер контекстіне енгізуге, материалдық деңгейде мәдениет элементтерін қайта интерпретациялауға мүмкіндік береді. Осы процесс суретшінің шығармаларында архетиптік бейнелерді бұзу және қайта құруда, дәстүрлі мифтердің жаңаша интерпретациясын ұсынуда сондай-ақ, көркемдік мағыналардың көпқабатты құрылымын жасауда айрықша жүзеге асады.

Сонымен қатар, суретшінің шығармалық әдіснамасында деконструкция қағидаты маңызды рөл атқарады. Белгілі бір мифтік немесе ұлттық символдарды бөлшектеу арқылы ол олардың мағыналық құрылымдарын қайта құруды жүзеге асырады. Бұл процесс архетиптік бейнелерді трансформациялауда, дәстүрлі мифтердің заманауи интерпретациясын ұсынуда, сондай-ақ көркемдік мағыналардың көпқабатты жүйесін құруда өз көрінісін табады.

Әлібай Бапановтың шығармашылығын талдау арқылы қазіргі қазақстандық бейнелеу өнеріндегі неомифологизм құбылысының ерекшеліктері айқын көрінді. Оның туындыларында дәстүрлі мәдени кодтар гипербола, бриколаж және деконструкция сияқты заманауи көркемдік әдістер арқылы өңделіп, жаңа семантикалық мағынаға ие болады. Суретшінің «глокализация» қағидаты бойынша құрылған бірегей көркемдік тілі – киіз, кілем сияқты дәстүрлі материалдарды жаһандық өнер контекстінде пайдалану, архетиптік бейнелерді трансформациялау арқылы жаңа мифтік нарративтер қалыптастыру – ұлттық өнердің жаһандық кеңістікте дамуына жол ашатын инновациялық әдіснаманы ұсынады. Бапановтың «Миф», «Тағдыр», «Тайқазан», «Ойшыл» сияқты туындыларындағы семиотикалық қабаттардың тереңдігі, философиялық-мәдени контекст пен көркемдік форманың үйлесімі қазақ неомифологиялық өнерінің бүгінгі күйін анықтайтын эталондық үлгілер ретінде танылады. Осылайша, зерттеу барысында Бапановтың шығармашылығы арқылы ұлттық мәдениеттің дәстүрлі кодтарының қалайша жаһандық өнер үрдістерімен үндесіп, өзектілігін сақтай отырып, жаңаша өркендеу мүмкіндігіне қол жеткізетіні анықталды.

Ә.Бапанов шығармашылығын талдау оны халықаралық өнертану контекстінен оқшаулап қарастырмайды, керісінше, оның әлемдік неомифологиялық үрдістермен тікелей байланыстылығын айқындайды. XX ғасырдың соңы – XXI ғасырдың басындағы бүкіләлемдік өнерде мифтерді қайта жаңғырту, архетиптерді деконструкциялау және ұлттық және жеке болмыстың мәдени күрделі мұрасын өңдеу тақырыбы ортақ болды. Бапановтың әдіснамасын салыстырмалы түрде қарастыру оның шығармаларының ерекшелігін де, әмбебаптылығын да түсінуге мүмкіндік береді.

Бір жағынан, Бапановтың нео-экспрессионизм және жанарту (transavanguardia) сияқты кең таралған ағымдар өкілдерінің тәжірибесімен параллельдерін тартуға болады. Мысалы, итальяндық кескіндемеші Франческо Клементенің шығармаларындағы дәстүрлі бейнелерді жеке мифологияға айналдыру, немесе неміс Ансельм Кифердің тарихи және мифологиялық жадыны материалдық қабаттар арқылы өңдеуі де дәстүр мен заманауилықтың күрделі қақтығысын бейнелейді.

Алайда, Бапанов ұлттық кодты тек бейнелер деңгейінде емес, материалдар (кілем, киіз) деңгейінде де тікелей пайдаланып, оларды заманауи көркемдік тілдің негізіне айналдырады. Бұл оның «глокализация» әдіснамасының көрнекі және заттай көрінісі болып табылады.

Екінші жағынан, Бапановтың шығармашылығын посткеңестік ортадағы өзге де суретшілермен салыстыру аса құнды. Мысалы, өзбек суретшісі Алишер Мирзаевтің орнамент пен мифологеманы заманауи өнер тілімен үйлестіруі сияқты, Бапанов та дәстүрлі қазақ орнаменті мен мифологиялық бейнелерді жаңаша түсінікпен, концептуалды тәжірибелер арқылы қайта өңдеп, посткеңестік кеңістіктегі ұлттық сән мен заманға сай өрнек іздеуіндегі ортақ тенденцияны көрсетеді. Бұл салыстыру оның шығармашылығын Орталық Азия аймағының заманауи өнеріндегі жалпы процестер контекстінде тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бапанов бұл контексте де ерекшелік танытады: оның шығармаларындағы гипербола мен символдық қарапайымдылық минимализм мен концептуалды өнердің әлемдік тілімен тікелей байланысқа түседі. Оның «Тайқазан» немесе «Миф» сияқты туындыларындағы формалардың монументалдылығы және түстердің мағыналық жүктемесі тек ұлттық мифологияны ғана емес, әлемдік концептуалды дискурста табиғат пен мәдениет, адам мен космос қатынасы туралы әмбебап сұрақтарды көтереді.

Осылайша, халықаралық салыстырмалы талдау Бапановтың қазақтың посткеңестік өнеріндегі орнын анықтауға ғана емес, сонымен қатар оның әлемдік заманауи өнер процесіне қосқан өзіндік үлесін көрсетуге мүмкіндік береді. Оның әдіснамасы жергілікті мәдени кодтарды тек сақтап қана қоймай, оларды жаһандық эстетикалық тілге аударатын, «глокализацияның» табысты үлгісі ретінде қызмет етеді. Бапанов өз шығармалары арқылы ұлттық өнердің оқшауланған арал емес, әлемдік мәдени алмасудың белсенді қатысушысы болу мүмкіндігін дәлелдейді.

5. Қорытынды

Осы зерттеуді жүргізу барысында біздің негізгі мақсатымыз қазіргі қазақ бейнелеу өнері контекстінде Әлібай Бапановтың шығармашылық әдіснамасын талдау, оның неомифологиялық бейнелер жүйесін қалыптастырудағы гипербола, бриколаж және деконструкция сияқты заманауи көркемдік әдістердің рөлін анықтау, сонымен қатар ұлттық мәдени кодтың оның туындылары арқылы қалай жаңғырып, жаңаша түсіндірілетінін анықтау болды. Бұл мақсатқа жету үшін семиотикалық, салыстырмалы тарихи, визуалды-антропологиялық және пәнаралық талдау әдістері кешенді түрде қолданылды.

Зерттеу нәтижелері бойынша Әлібай Бапановтың шығармашылығында «глокализация» қағидатының іс жүзіндегі сәтті іске асырылғандығын баса айта аламыз. Ол қазақтың ежелгі мифологемаларын алып, оларды гипербола, бриколаж және деконструкция әдістері арқылы өзгертеді. Нәтижесінде оның туындылары ұлттық та, жаһандық та сипатқа ие болатын, әлемдік өнер әлеміне ене алатын жаңа бейнелер жүйесіне айналады.

Суретшінің неомифологиялық әдіснамасы тек формальды тәсілдермен шектелмейді, ол терең философиялық-мәдени мазмұнға ие. «Миф» туындысында бас киімге киелі мән беру, «Тағдырда» адам өмірінің кенет өзгергіштігі мен шарасыздық, «Тайқазанда» космологиялық қарама-қайшылықтар мен тепе-теңдік, «Ойшылда»

тұлғааралық қарым-қатынас тақырыптары мифтік метафоралар деңгейінде шешіледі. Бұл Бапановтың шығармашылығын жай ғана стилистік ізденіс емес, сонымен бірге қазақтың рухани кодтарын жаһандық ойдың деңгейінде қайта құруға бағытталған философиялық-эстетикалық тұжырымдама ретінде ұсынады.

Кілемге майлы бояу жағы арқылы жұмыс жасау – суретшінің көркемдік тілінің ажырамас бөлігі және тағы бір «глокализация» әдісі болып табылады. Бұл тәсіл тек техникалық тәжірибе емес, сонымен бірге мәдениеттердің табиғи қиылысу нәтижесінде туған өзіндік жаңғыру феноменын бейнелейді. Яғни, бұл жерде дәстүрлі материал жаһандық өнер тілінің тасымалдаушысына айналады.

Осылайша, Әлібай Бапановтың шығармашылық әдіснамасы қазіргі қазақстандық өнердегі ұлттық мәдениетті жаһандық контексте қайта жаңғыртудың тамаша үлгісі ретінде ұсынылады. Оның туындылары арқылы көркемдік тәжірибеде дәстүрлі мәдени кодтарды заманауи өнер әдістерімен үйлестірудің тиімді жолдары анықталды. Бұл ұлттық өнердің әлемдік өнер үрдістеріне интеграциялануына жол ашады. Әлібай Бапановтың шығармашылық мұрасын зерттеу және оның әдіснамасын талдау ұлттық өнерді дамытудың жаңа бағыттарын ашуға мүмкіндік береді, сонымен қатар ұлттық мәдениетті сақтау мен жаһандық контекстегі оның өзектілігін арттыру мақсатында қолданыла алады.

Әдебиеттер:

1. Бектиярова Д.С. Бас киім жасауда киізді қолдану. Жоғары оқу орындарының Хабаршысы. Тоқыма өнеркәсібінің технологиясы. – 2019. №5(383). – 78-84 бб. eLIBRARY ID: 42865684.
2. Кенджакулова А.Б., Кобжанова С.Ж., Шарипова Д.С. Қазақстанның қазіргі өнеріндегі мәдени жады аспектісіндегі интертекстуалдылық. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. – 2021. № 2(86). – 179-190 бб. DOI: 10.52512/2306-5079-2021-86-2-179-190.
3. Козлова А.В., Павленкович О.Б. «Кескіндемедегі түстің психологиялық маңызы» // 59-шы студенттік ғылыми-практикалық конференцияның секциялық отырыстарының материалдары. 2 Том. Хабаровск, Тынық мұхиты мемлекеттік университеті, 2019. – 137-141бб. eLIBRARY ID: 38179728.
4. Ли К. Материалдың мүмкіндіктері. ТМД елдерінің сәндік өнері. – 2012. №2(413). – 34-39бб.
5. Муканов М.Ф., Досжанов Б.Т. «Алибай Бапановтың «Ту ұстаушы» және «Қара қаңлы» гобелендеріндегі көркем образдардың символикасы» // Мәдениетаралық өзара әрекеттесу контекстіндегі өнер және көркемдік білім: IX Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қазан қаласы, Қазан университеті, 2020. – 234-243бб. eLIBRARY ID: 45620223.
6. Муканов М.Ф., Досжанов Б.Т., Сулейменов М.Ш. Қазіргі қазақ гобелен өнеріндегі түркі әлемінің архетиптерінің үлгілерінің көркем бейнелері. Орталық Азия Әнертану Журналы. – 2018. № 3. – 62-77бб. <https://cajas.kz/journal/article/view/161>. Жүгінген күні: 15.08.2025.
7. Мухамеджанова Р.Ч. «Гобелендер– колмен тоқу өнері» // «Оңтүстік-Батыс Сібір және іргелес өңірлер (Қазақстан, Моңғолия, Қытай) халықтарының тарихы мен мәдениеті» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. Таулы-Алтай, Таулы-Алтай мемлекеттік университеті, 2019. – 154-158бб. eLIBRARY ID: 41328467.
8. Павлова О.Б. Жаһандық әлемдік өнер сахнасындағы заманауи өнер. Глокализация құбылысы. Өнер географиясы: стильге бағынатын кеңістік. Мақалалар жинағы. – 2021. – 468-473бб. eLIBRARY ID: 47382194.
9. Соколовский С. В. Қазіргі миф шығармашылығының өзекті зерттеулері // Сібір тарихи зерттеулері. – 2018. № 1. – 219–223 бб.
10. Шкляева С.А. «Алматы суретшілерінің авторлық гобелендерінің бейнелеріндегі ұлттық дүниетаным (1991-2016)» // «Сәндік-қолданбалы өнер: тарихи тәжірибе, қазіргі жағдайы, даму мүмкіндіктері». Бірінші Орал сәндік өнер триенналесі» аясында өткен конференция материалдары. – Екатеринбург, Орал мемлекеттік сәулет-өнер университеті, 2016. – 19б. <http://ural-tr-decor.blogspot.ru/>. Жүгінген күні: 15.08.2025.

11. Шкляева С.А. «Дәстүрлі қазақ тоқыма бұйымдары А.К. Бапановтың шығармашылығындағы мәнәтіндік негіз ретінде (түсіндіру тәжірибесіне)» // «Сәндік-қолданбалы өнердегі және қазіргі заманғы көркемдік тәжірибедегі шығармашылық кеңістіктің тарихы, теориясы және тұжырымдамасы» Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Алматы, Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, 2022. – 256. ISBN 978-601-265-406-6.

References:

1. Bektiiarova D. S. (2019) Ispol'zovanie voiloka v izgotovlenii golovnykh uborov. Izvestiia vysshikh uchebnykh zavedenii. Tekhnologiya tekstil'noi promyshlennosti [Using Felt in the Manufacture of Headwear. News of Higher Educational Institutions. Textile Industry Technology], no. 5(383), pp. 78-84. eLIBRARY ID: 42865684. (In Russian)

2. Kendzhakulova A. B., Kobzhanova S. Zh., Sharipova D. S. (2021) Intertekstual'nost' v sovremennom iskusstve Kazakhstana v aspekte kul'turnoi pamiati. Vestnik Kazakhskogo natsional'nogo zhenskogo pedagogicheskogo universiteta [Intertextuality in Contemporary Art of Kazakhstan in the Aspect of Cultural Memory. Bulletin of the Kazakh National Women's Pedagogical University], no. 2(86), pp. 179-190. DOI: 10.52512/2306-5079-2021-86-2-179-190. (In Russian)

3. Kozlova A. V., Pavlenkovich O. B. (2019) "Psikhologicheskoe znachenie tsveta v zhivopisi" ["The Psychological Meaning of Color in Painting"], in Materialy sektionnykh zasedanii 59-i studencheskoi nauchno-prakticheskoi konferentsii. Tom 2, Khabarovsk, Pacific National University, pp. 137-141. eLIBRARY ID: 38179728. (In Russian)

4. Li K. (2012) Vozmozhnosti materiala. Dekorativnoe iskusstvo stran SNG [Possibilities of the Material. Decorative Art of the CIS Countries], no. 2(413), pp. 34-39. (In Russian)

5. Mukanov M. F., Doszhanov B. T. (2020) "Simvolizm khudozhestvennykh obrazov v gobelenakh Alibaia Bapanova "Znamenetsy i "Kara kangiuu" ["Symbolism of Artistic Images in the Gobelins "Standard Bearer" and "Kara Kangyu" by Alibai Bapanov"], in Iskusstvo i khudozhestvennoe obrazovanie v kontekste mezhkul'turnogo vzaimodeistviia: materialy IX Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii, Kazan, Kazan University, pp. 234-243. eLIBRARY ID: 45620223. (In Russian)

6. Mukanov M. F., Doszhanov B. T., Suleimenov M. Sh. (2018) Khudozhestvennye obrazy arkhетipov modelei tiurkskogo mirozdaniia v iskusstve sovremennogo kazakhskogo gobelena. Tsentral'no-Aziatskii zhurnal iskusstvovedeniia [Artistic Images of Archetypes of Turkic Universe Models in the Art of the Modern Kazakh Gobelins. Central Asian Journal of Art Studies], no. 3, pp. 62-77. Available at: <https://cajas.kz/journal/article/view/161> (Date of request: 15.08.2025). (In Russian)

7. Mukhamedzhanova R. Ch. (2019) "Gobeleny – iskusstvo ruchnogo tkachestva" ["Gobelins – The Art of Hand Weaving"], in Materialy Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii "Istoriia i kul'tura narodov iugozapadnoi sibiri i sopredel'nykh regionov (Kazakhstan, Mongoliia, Kitai)", Gorno-Altaysk, Gorno-Altaysk State University, pp. 154-158. eLIBRARY ID: 41328467. (In Russian)

8. Pavlova O. B. (2021) Sovremennoe iskusstvo na global'noi mirovoi khudozhestvennoi stsene. fenomen globalizatsii. Geografiia iskusstva: prostranstvo, podchinennoe stilii. Sbornik statei [Contemporary Art on the Global World Art Stage. The Phenomenon of Globalization. Geography of Art: Space Subordinated to Style. Collection of Articles], pp. 468-473. eLIBRARY ID: 47382194 (In Russian)

9. Sokolovskii S. V. (2018) Aktual'nye issledovaniia sovremennogo mifotvorchestva. Sibirskie istoricheskie issledovaniia [Current Research on Modern Myth-Making. Siberian Historical Research], no. 1, pp. 219-223. (In Russian)

10. Shklyieva S. A. (2016) "Natsional'noe mirooshchushchenie v obrazakh avtorskikh gobelenov khudozhnikov Almaty (1991-2016)" ["National Worldview in the Images of Author's Gobelins by Almaty Artists (1991-2016)"], in "Dekorativno-prikladnoe iskusstvo: istoricheskii opyt, sovremennoe sostoianie, perspektivy razvitiia". Pervaia Ural'skaia triennale dekorativnogo iskusstva, Ekaterinburg, Ural State University of Architecture and Art, p. 19. Available at: <http://ural-tr-decor.blogspot.ru/> (Date of request: 15.08.2025). (In Russian)

11. Shklyieva S. A. (2022) "Traditsionnyi kazakhskii tekstil' kak kontekstual'naia osnova v tvorchestve A. K. Bapanova (k opytu interpretatsii)" ["Traditional Kazakh Textile as a Contextual Basis in the Work of A.K. Bapanov (Towards Interpretation Experience)"], in "Istoriia, teoriia i kontsepsiia kreativnogo prostranstva v dekorativno-prikladnom iskusstve i sovremennykh khudozhestvennykh praktikakh" Mezhdunarodnaia nauchnaia konferentsiia, Almaty, Kazakhskaiia natsional'naia akademiia iskusstv im. T.K. Zhurgenova, p. 25. ISBN 978-601-265-406-6. (In Russian)